

ҒҰЛАМА

Кім екен жоқ іздеген ақша қырдан
Ізінде адырлар көп ақтарылған
Мелшиген Ұлытаудың обалары.
Шығармай сырды терең қатпарынан

Жапан ғой асыр болған ығыр жаудан,
Замандар жазығынан шұғыл ауған.
Жиһанкез сол адам жүр жоғын іздеп,
Зілзала, жер астынан шыңыраудан.

Ол солай көп тінтеді қу даланы,
Іздейді дауыл жапқан күм қаланы
Тот басқан бақыр тапса, жер түбінен
Алтынға кенелгедей қуанады.

Шебердей сарай құрған сынықтардан.
Жаңғыртты ол күмбездерді ұмыт қалған.
Екшелеп ертегінің жұмбақтарын
Шешкен ол талай сырды тұйықталған.

Тұлдырдай түйін іздеп көне түзден,
Жорталды баяғылар кезген ізбен,
Тарихшы имараттан ізде оны.
Сарғайған сызбаларға көзін сүзген.

Баяндап батырларды. алмас қыры.
Зершіл ол ашқан ердей алғаш танды.
Шоканның жарлы соккан толқын ойын,
Саралап бүгінгімен жалғастырды.

Басы да күмбезіндей парасаттың
Білігі-алауындай зор ошақтың
Ұрпаққа-баба түкті шежіре ол,
Таратқан тарауларын көне шақтың,

Бұл күнде ойы биік ел ағасы,
Халқымның мұрагері-ғұламасы.
Жая бер тамырыңды тереңдерге,
Ғылымның бәйтерегі, гүл ағашы.